

## **"Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 76/4 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдансын;

осы қаулыны Май ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;  
осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Май ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Әмірін*

Май ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "21" сәуірдегі  
№ 76/4 қаулысымен  
бекітілген

## **"Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бюджетті орындау, бухгалтерлік есепті және мүлікпен жекешелендіруге мемлекет құқығын жүзеге асыру және жергілікті бюджетті атқару жөніндегі бюджеттік есептілікті жүргізу салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан мекен-жайы : Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Көктөбе ауылы, Абылайхан көшесі, 36 құрылыс.
10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы - "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Отдел финансов Майского района".
11. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидалармен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.  
"Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте құрылады: сағат 9.00 - 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00 – 14.30-ға дейін, аптасына бес жұмыс күн, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.
12. Мемлекет Май ауданының әкімдігі тұлғасында "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.
13. Осы Ереже "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.
14. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
15. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2-тарау. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты, қызметінің нысанасы, міндеттері мен өкілеттіктері**

16. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты аудан бюджетінің уақытылы атқарылуын қамтамасыз ету және коммуналдық меншік объектілерін қолдану жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

17. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні аудан деңгейінде бюджетті атқару және коммуналдық меншікті тиімді басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

18. Негізгі міндеттері:

- 1) Май ауданы әкімдігі атқарушы органдарының қызметін үйлестіру жолымен мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және қаржы саясатты іске асыру;
- 2) аудан бюджетінің атқарылуы, аудан бюджетінің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу;
- 3) мемлекеттік сатып алулар бойынша мониторинг жүргізу;
- 4) коммуналдық меншікті есептеу және қолдану тиімділігін арттыру;
- 5) материалдық-техникалық базаны дамыту және нығайту.

19. Функциялары:

- 1) ауданның түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуын жүзеге асырады;
- 2) ауданның стратегиялық жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша атқарушы органдардың қызметінің үйлестірілуін жүзеге асырады;
- 3) аудан бюджетінің атқарылуы бойынша бюджеттік есеп және есеп беру жүргізеді;
- 4) бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;
- 5) аудандық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді, оның атқарылуы туралы есепті дайындайды;
- 6) ауданның мемлекеттік мекемелерімен ақшалай қаражатты қолдану тиімділігін арттыру бойынша шараларды жүзеге асырады;
- 7) жергілікті бюджетті атқару үрдісін жетілдіреді, бюджеттік бағдарламалау тәсілін, бюджеттік бағдарламаларды бағалау тиімділігін енгізеді;
- 8) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттің түсімдер ментөлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды, бекітеді және жүргізеді;
- 9) аудан бюджетінің атқарылуына әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;
- 10) аудандық бюджет қаражаттарының пайдаланылуына талдау жүргізеді;
- 11) бюджеттік мониторингті жүзеге асырады;

- 12) аудан әкімдігінің резервтегі қаражаттарының пайдаланылуына талдау және есеп жүргізеді;
- 13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасын қолдану бойынша ауданы әкімдігі атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;
- 14) "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша аудан әкіміне және аудан әкімдігінің отырыстарына материалдар дайындайды;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке түсімдердің уақытылы және толық есепке алуын қамтамасыз ету бойынша кешенді іс-шараларды өткізеді;
- 16) өз құзыреті шегінде коммуналдық мүлікті басқару саласында құқықтық актілердің жобаларын белгіленген тәртіпте әзірлейді;
- 17) Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалатын тәртіпте мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізеді және мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға ақпарат ұсынады;
- 18) аудандық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау бойынша шараларды жүзеге асырады;
- 19) жекешелендіруге жататын, аудандық коммуналдық меншіктегі объектілердің тізімдерін бекіту жөніндегі аудан әкімдігі актілерінің жобаларын әзірлейді;
- 20) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурстарды өткізеді;
- 21) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалға (жалдауға), сенімгерлік басқаруға береді;
- 22) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, мүліктік жалға (жалдауға), өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдердің жобаларын әзірлейді;
- 23) мемлекеттік мүлікті бір түрінен екінші түріне беру бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- 24) аудандық коммуналдық мүліктің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 25) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітеді;

26) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесі жоқ деп танылған, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудандық коммуналдық мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мүліктің, олжаның, қараусыз қалған жануарлардың, құрамында мәдени құндылықтарға жататын зат жоқ көмбелердің үлестерін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастырады;

27) сенімгерлік басқарушының аудандық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауын бақылауды жүзеге асырады;

28) аудандық коммуналдық мүліктің есебін ұйымдастырады, оны тиімді қолдануын қамтамасыз етеді;

29) аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын әзірлеу мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

30) аудан әкімдігінің акциясына тиесілі дивиденттердің толық және уақытылы төленуін, сонымен қатар жауапкершілігі шектеулі серіктестері арасында аудан әкімдігінің жарғылық капитал үлес бөлігін реттеуге бақылауды жүзеге асырады;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, қызметтік құжаттарын қарауды қамтамасыз етеді;

32) мемлекеттік тілдің жаппай қолдануына бағытталған шараларды қабылдайды, оның халықаралық беделін бекітеді;

33) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 20. Өкілеттіктері:

1) аудан әкімдігі, әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдардың қарастыруына Май ауданының коммуналдық меншікті тиімді басқаруына және бюджетті атқаруды қамтамасыз ету саласындағы дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдарынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

3) "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша мәжілістерді өткізу;

4) аудан бюджетінің қаражатын тиімді пайдалануға бақылау жүргізу.

"Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін ауданның өзге де атқарушы органдарымен, ұйымдармен және кәсіпорындармен өзара әрекеттеседі.

### **3-тарау. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

21. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

22. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

23. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

24. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шараларды қолданады және осы үшін дербес жауапты болады;

10) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы қарым-қатынастар қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

26. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

#### **4-тарау. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

27. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшаулаған мүлкі болу мүмкін.

28. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

29. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)**

31. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Май ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекеменің таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.

33. "Май ауданының қаржы бөлімі" ММ қарамағында ұйымдар жоқ.